

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламентінің Мәжілісі
«Ақ жол» фракциясының
депутаттарына**

2022 жылғы 10 желтоқсандағы № ДС-369 хатқа

Құрметті депутаттар!

Сіздердің жер мәселесіне қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Жер учаскелерінің нысаналы мақсаты өзгерген кезде жер учаскелерінің меншік иелерін кадастрлық құнын төлеуден босату жөніндегі ұсынысқа қатысты

Жер кодексінің негізгі қағидаттарының бірі жерді пайдаланудың ақылы болуы.

Сонымен қатар жер учаскесінің нысаналы мақсаты өзгерген кезде кадастрлық құнды төлеуден босату жер учаскелерін ақылы беру көзделген басқа субъектілерді тең емес жағдайларға қояды және жер заңнамасының ақылы болу қағидатын бұзуға әкеп соғады.

Осыған байланысты жер учаскесінің нысаналы мақсаты өзгерген кезде кадастрлық құнды төлеуден босатуды орынсыз деп санаймыз.

Жер учаскелерінің нысаналы мақсатын өзгерту рәсімін 7-10 жұмыс күніне дейін қысқарту бойынша ұсынысқа қатысты.

Қазіргі уақытта Парламент Мәжілісінде «Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры шеңберінде мемлекеттік қызметтерді цифрландыру мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы (бұдан әрі – заң жобасы) қаралуда.

Заң жобасында қағазсыз қызмет көрсету, жер учаскелерін беруді келісу коммуналдық қызметтер рәсімін автоматтандыру, жер қатынастары саласындағы бюрократиялық және сыбайлас жемқорлық алғышарттарын алып тастау көзделген, бұл қолданыстағы процестердің ашықтығына қол жеткізуге, қайталануды жоққа шығаруға, жылжымайтын мүлік пен жер учаскелерін ресімдеуге байланысты бизнес-процестерді оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Аталған заң жобасы шеңберінде елді мекен шекарасындағы жер

учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту туралы өтініш келіп түскен сәттен бастап сегіз жұмыс күні ішінде оны қарау туралы норма көзделген.

Ә. Смайылов